

Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 130 "Алға ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 544 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 қарашада № 25470 болып тіркелді

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысы Алға аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 130 "Алға ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6092 тіркелген) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе облысы Алға аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жариялағанынан кейін Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімінің орынбасары Г.Ж. Ахметоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алға ауданының әкімі

Н. Ержанов

Алға ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 544 қаулысына қосымша

Алға ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 08 сәуірдегі № 130 қаулысына қосымша

Алға ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

| № р/н | Округтің атауы | Елді мекен | Аймаққа бөлу коэффициенті |
|-------|---------------------|---------------------|---------------------------|
| 1. | Алға қалалық округі | Алға қаласы | 2,1 |
| | | Подхоз тұрғын алабы | 1,5 |
| 2. | Ақай ауылдық округі | Ақай ауылы | 1,95 |
| | | Көлтабан ауылы | 1,4 |

| | | | |
|-----|----------------------------|--------------------------|------|
| 3. | Бесқоспа ауылдық округі | Есет батыр Көкіұлы ауылы | 2,05 |
| | | Қызыл Ту ауылы | 1,15 |
| 4. | Бестамақ ауылдық округі | Бестамақ ауылы | 2,2 |
| | | Бесқоспа ауылы | 1,95 |
| 5. | Қарағаш ауылдық округі | Самбай ауылы | 1,95 |
| | | Нұрбұлақ ауылы | 1,85 |
| 6. | Қарабұлақ ауылдық округі | Қарабұлақ ауылы | 1,95 |
| | | Амангелді ауылы | 1,60 |
| 7. | Қарақобда ауылдық округі | Қарақобда ауылы | 1,95 |
| | | Ерназар ауылы | 1,25 |
| | | Құмсай ауылы | 1,25 |
| 8. | Маржанбұлақ ауылдық округі | Маржанбұлақ ауылы | 2,05 |
| | | Қайындысай ауылы | 1,80 |
| | | Қарағандысай ауылы | 1,15 |
| 9. | Сарықобда ауылдық округі | Сарықобда ауылы | 1,95 |
| | | Болгарка ауылы | 1,95 |
| 10. | Тамды ауылдық округі | Тамды ауылы | 1,95 |
| | | Еркінкүш ауылы | 1,50 |
| | | Талдысай ауылы | 1,60 |
| 11. | Тоқмансай ауылдық округі | Қайнар ауылы | 2,05 |
| | | Тоқмансай станциясы | 1,50 |
| | | Тоқмансай ауылы | 1,95 |
| 12. | Үшкұдық ауылдық округі | Үшкұдық ауылы | 2,05 |
| | | Жерұйық ауылы | 1,75 |
| | | Ақсазды ауылы | 1,15 |
| 13. | Қарақұдық ауылдық округі | Қарақұдық ауылы | 1,95 |
| | | Көктоғай ауылы | 1,60 |
| | | Тікқайын ауылы | 1,60 |